

## Б.Тұлкиев атындағы жалпы білім беретін мектеп КММ

### Педагог-психологтың I жартыжылдық есебі 2025–2026 оқу жылы

**Психологиялық қызметтің мақсаты** – білім беру ұйымдарында білім алушылардың психологиялық денсаулығын сақтау, қолайлы әлеуметтік-психологиялық жағдай жасау және білім беру үдерісіне қатысушыларға психологиялық қолдау көрсету.

#### **Психологиялық қызметтің міндеттері:**

- 1) білім алушылардың тұлғалық және зияткерлік дамуына ықпал ету, өзін-өзі тәрбиелеу және өзін-өзі дамыту қабілетін қалыптастыру;
- 2) білім алушыларға ақпараттық қоғамның жылдам дамуында олардың табысты әлеуметтенуіне психологиялық тұрғыдан жәрдем көрсету;
- 3) білім алушыларды психологиялық-педагогикалық зерделеу негізінде әрбір білім алушыға жеке тәсілді қамтамасыз ету;
- 4) психологиялық диагностиканы жүргізу және білім алушылардың шығармашылық әлеуетін дамыту;
- 5) психологиялық қиыншылықтар мен білім алушылардың проблемаларын шешу бойынша психологиялық түзету жұмыстарын жүзеге асыру;
- 6) білім алушылардың психикалық денсаулығын сақтау;
- 7) психологиялық проблемаларды шешуде және оқу-тәрбие жұмыстарының қолайлы әдістерін таңдауда ата-аналар мен педагогтарға консультациялық көмек көрсету;
- 8) білім беру үдерісі субъектілерінің психологиялық – педагогикалық құзыреттілігін көтеру.

#### **Психологиялық қызметтің төменде көрсетілген бағыттары бойынша жұмыстар жүргізілді**

Психодиагностикалық бағыт	- 19
Түзету – дамытушылық бағыт	- 11
Ағартушылық – профилактикалық бағыт	- 16
Консультациялық бағыт	- 23
Әлеуметтік – диспетчерлік бағыт	- 5

#### **1. Ұйымдастыру-даярлық жұмыстары**

Қыркүйек айының алғашқы аптасында келесі жұмыстар жүргізілді:

- **Жылдық, айлық және апталық жоспарлар** жасалып, мектеп директоры тарапынан бекітілді.
- Психолог кабинеті мен жеке іс-папқалар реттеліп, сынып тізімдері жинақталды.
- **№92 бұйрық** талаптарына сәйкес ата-аналардың психологиялық қызметке *«келісім парақтары»* алынды.

- «Сенім жәшігі» ұйымдастырылып, оқушыларға таныстырылды.
- **ППҚ мамандарымен 1-отырыс** өткізіліп, жылдық бағыттар бойынша міндеттер бөлінді.

Қазан айының басында жоспарланған жұмыстар нақты анықталып, мамандар арасында міндеттер бөлінді.

- **ББЖМ-ге қатысатын оқушылардың тізімі** жасалып, сынып жетекшілерімен келісілді.
- «Психолог–Adviser» клубының жұмыстары жалғастырылып, топтық кездесулер ұйымдастырылды.
- Жүргізілген жұмыстар бойынша **апталық және айлық тіркеу журналдары** толтырылды.

Қараша айында ППҚ отырысы өтілді. Тәуекел топ бойынша мәліметтерді жинақталып, кейс ашылатын оқушылар анықталды. Журналдарға деректерді енгізілді. Сынып жетекшілермен кері байланыс жүргізіліп, апталық есептер дайындалды. Қараша айында психолог қызметі жоспарға сай және толық көлемде орындалды. Тәуекел топтағы оқушыларға ерекше назар аударылып, эмоциялық күй, мінез-құлық ерекшеліктері және жеке қауіп факторларын зерттеу мақсатында кешенді диагностика жүргізілді.

## 2. Психологиялық диагностика бағыт бойынша қыркүйек-желтоқсан айы аралығында жүргізілген жұмыстар есебі


**Қыркүйек айында** оқушылардың мектепке бейімделуін, танымдық және эмоционалдық жағдайын анықтауға бағытталған диагностикалық жұмыстар жүргізілді:

**1-сынып оқушылары Керн–Йирасек әдістемесі** бойынша бірінші сыныптың мектепке психологиялық дайындығы зерттелді.

- Нәтижесінде:
  - 65% – қалыпты деңгей,
  - 27% – орташа деңгейде бейімделу қиындықтары байқалды,
  - 8% – қосымша қолдау қажет етілетін топ анықталды.



**5–7 сыныптар оқушылардың ақпаратты қабылдау типтері** (визуал, аудиал, кинестет, дигитал) анықталды.



- Мәліметтер сынып жетекшілеріне оқу процесін даралауда қолдану үшін ұсынылды.

Қазан айында 1–4 сыныптар арасында «Әлемде жоқ жануар» проективті әдістемесі жүргізілді.

Нәтижесінде:


- 70% – эмоционалдық жағдайы тұрақты.
- 26% – мазасыздық деңгейі орташа.
- 4% – түзету жұмыстары қажет оқушылар анықталды.



5–9 сыныптар «Жалғыздық» (С.Г.Корчагина) сауалнамасы жүргізілді.

Қорытынды бойынша:

- жалғыздық сезімі өте жоғары – 4 оқушы
- жоғары – 39 оқушы
- орташа – 69 оқушы
- төмен – 121



Жалғыздық деңгейі жоғары және өте жоғары деңгей көрсетілген оқушылар тәуекел деңгейіне алынды.

**10–11 сыныптар Д.Рассел және М.Фергюсон әдістемесі бойынша «Жалғыздықтың субъективті деңгейі» анықталды.**

Барлығы 64 оқушы қатысты. 1 оқушыда өте жоғары деңгейдегі әлеуметтік оқшаулану байқалды. Қосымша психологиялық қолдау көрсету жоспары құрылды.

Жүргізілген диагностикалар нәтижесінде мектеп бойынша тәуекел топтағы 55 оқушы анықталды.

Сыныбы	Оқушы саны	Тәуекел саны	Жасыл	Сары	Қызыл
1-11 сынып	440	55	35	17	3

**Қараша айында** білім алушылардың психологиялық ахуалын, сыныпшілік қарым-қатынасты, сондай-ақ тәуекел топтағы оқушылардың эмоционалды жағдайын бағалауға бағытталған кешенді диагностика жүргізілді.

**1.1. Бейімделу және қарым-қатынас диагностикасы.** 1–4 сынып мұғалімдері және ата-аналарынан «Балалардың мектепке әлеуметтік-психологиялық бейімделуін сараптамалық бағалау» әдістемесі алынды. **Нәтижесінде:**

- Бейімделу деңгейіне әсер ететін факторлар анықталды;
- Тәуекел тобына енуі мүмкін балалар белгіленді;
- Сынып жетекшілеріне жеке ұсынымдар берілді.

«Бейімделу кезеңінде бесінші сынып оқушыларының мазасыздығын анықтау» мақсатында О.Н. Хмельницкая әдістемесі алынды.

- Мазасыздық деңгейінің жоғары, орта және төмен көрсеткіштері бойынша талдау жасалды;
- Жоғары мазасыздық көрсеткен оқушылармен жеке жұмыс ұйымдастырылды.

Сыныбы	Қатысқан оқушы саны	Төмен мазасыздық аймағы	Орташа мазасыздық	Жоғары мазасыздық
5 «А»	18	15	3	0
5 «Ә»	20	10	8	2

**Сыныпшілік қарым-қатынасты зерттеу мақсатында 5–11 сынып оқушыларынан «Социометрия» әдісі алынды. Нәтижесінде**

- Қарым-қатынас құрылымы, көшбасшылар, конфликтогенді немесе оқшауланған оқушылар анықталды;
- Әр сынып жетекшіге нәтижелері ұсынылды;
- Топ ішіндегі әлеуметтік мәртебе динамикасы бақылауға алынды.

### **ТӘУЕКЕЛ ТОП ОҚУШЫЛАРМЕН ДИАГНОСТИКА**

**1) Тәуекел топтағы барлық оқушылардан «Үмітсіздік шкаласы» (Beck Hopelessness Scale) әдістемесі алынды.**

- Эмоционалды күйзеліс, үмітсіздік деңгейі бағаланды;
- Жоғары қауіп белгілері бар оқушылар тіркелмеді;
- Қажетті оқушылармен жедел психокоррекциялық жұмыс басталды.

Сыныбы	Қатысқан оқушы саны	Үмітсіздік анықталмады	Жеңіл үмітсіздік	Орташа үмітсіздік	Жоғары үмітсіздік
8 сынып	45	7	36	2	0
9 сынып	49	8	38	3	0
10 сынып	43	11	31	1	0
11 сынып	29	4	23	2	0

**2) 5–9 сыныптағы тәуекел топтағы оқушылардан «Жаңбыр астындағы адам» проективті әдістемесі алынды. Нәтижесінде**

- Стресс жағдайында өзін-өзі ұстау, ішкі қорғаныс механизмдері зерттелді;
- Эмоционалды тұрақсыздық белгілері, мазасыздық және қақтығыстардан қорғану стратегиялары анықталды;
- Нәтижелері жеке іс-парақтарына тіркелді.

**3) 10–11 сыныптағы тәуекел топтағы «Болмаған жануар» әдістемесі алынды. Нәтижесінде:**

- Жоғары сынып оқушыларының тұлғалық ерекшеліктері, агрессия, ішкі бақылау және эмоционалды реттеу ерекшеліктері талданды;
- Қауіп тудыруы мүмкін тұлғалық индикаторлар белгіленді;
- Қажетті жағдайда психокоррекциялық консультациялар берілді.

**4) Бастауыш сынып жетекшілерімен бірлесе А.Н.Волкова «Балалар мен жасөспірімдер арасындағы болжамдық тәуекел кестесі» толтырылды.**

- Әр бастауыш сынып оқушысына кесте толтырылды;
- Әлеуметтік, эмоционалдық, мінез-құлықтық тәуекелдер бойынша мониторинг

жүргізілді;

– Қауіп деңгейі жоғары оқушылар анықталмады

Сынып	Қатысқан оқушы саны	0-24 балл	25 баллдан жоғары
1 сынып	38	38	0
2 сынып	33	33	0
3 сынып	42	42	0
4 сынып	38	38	0

**Желтоқсан айында** оқушылардың психологиялық ахуалын, қарым-қатынас мәдениетін және қауіпсіз орта деңгейін анықтау мақсатында бірқатар диагностикалық жұмыстар жүргізілді.

**01.12.2025 Ж Дэн Олвеустің «Буллинг» сауалнамасы алынды.** Қатысушылар: 5–11 сынып оқушылары (онлайн формат)

Нәтижесінде оқушылар арасында тікелей және жанама буллинг белгілері анықталып, тәуекел тобына кіретін оқушылар белгіленді. Қорытындысы мектеп әкімшілігіне ұсынылды.

Шкала атауы	0-1 ұпай	1-3 ұпай	3-4 ұпайдан жоғары
Тікелей қорқыту	238	50	9
Жанама қорқыту	240	50	7
Тікелей виктимизация	211	57	21
Жанама виктимизация	236	47	10



**09-10.12.2025 ж «Саған қалай қарайды?»** экспресс-сауалнамасы алынды.

Қатысушылар:

– 2–4 сынып оқушылары (офлайн)

– 5–11 сынып оқушылары (онлайн)

Сауалнама нәтижесінде мектептегі 2–4 сынып оқушыларының көпшілігінде үйде де, мектепте де эмоционалдық климат қалыпты және жайлы. Оқушылардың басым бөлігі ата-анасы мен мұғалімдерден қолдау сезінетінін, сыныптастарымен жақсы қарым-қатынаста екенін көрсеткен. Дегенмен, сауалнама келесі қауіп топтарын анықтады:

4–15% оқушы ата-ана тарапынан айқайлау, жазалау, ренжіту жағдайларын сезінеді;  
10% балада сенімді сөйлесетін ересек адам жоқ;  
8% оқушы мектепте мазасызданады;  
7% оқушы құрдастар тарапынан мазақтауға ұшырауы мүмкін;  
14% оқушы мұғалімдер тарапынан эмоционалдық қысымды сезінеді.  
Бұл балалар қосымша қолдау мен бақылауды қажет етеді.

«Сізге қалай қарайды» экспресс-сауалнамасы («Өркен» БӨАҰҒПІ ғылыми қызметкерлерінің авторлар ұжымы) 5-11 сынып оқушылары арасында балалардың өміріндегі зорлық-зомбылықтың ықтимал көріністерін, сондай-ақ олардың отбасындағы, мектептегі және әлеуметтік ортадағы психологиялық қауіпсіздік деңгейін анықтау мақсатында жүргізілді.

Сауалнама нәтижелері бойынша бірқатар оқушылардың отбасында, мектепте және әлеуметтік ортада өзін толық қауіпсіз сезінбейтіні байқалды. Кейбір балалар ата-анамен қарым-қатынаста түсінбеушілік, сөзбен ренжіту, айқайлау жағдайларының болатынын көрсеткен. Сонымен қатар, жекелеген оқушылар тарапынан мектеп ортасында эмоционалдық зорлық-зомбылыққа (мазақтау, елемеу, айқайлау) тап болу фактілері анықталды.

Жалпы алғанда, сауалнама нәтижелері 5-11 сынып оқушылары арасында зорлық-зомбылықтың алдын алу, психологиялық қауіпсіз орта қалыптастыру және балалардың құқықтық-психологиялық сауаттылығын арттыру бағытында жүйелі жұмысты қажет ететінін көрсетті.

### 3. Түзету-дамыту және топтық жұмыстар

**Қыркүйек айында** мектеп оқушыларының білімге, жаңа ортаға бейімделуін жеңілдету мақсатында мынадай жұмыстар атқарылды:

- 11 Қыркүйек күні «Алақай! Мен оқушымын!» – 1-сынып оқушыларына арналған танымдық дамытушы жаттығулар жүргізілді.



- 17 Қыркүйек күні «Достық әлемі» кіші топтық жұмыс аясында эмоционалдық тұрақтылық, ынтымақтастық, өзара әрекет дағдылары зерттелді.



**ЕББҚ оқушыларымен танысу және алғашқы бейімдеу сабақтары өткізілді.**

25 Қыркүйек күні «**Біз және біздің сынып**» – 4-сынып оқушыларына арналған нейрпсихологиялық жаттығулар



23 Қыркүйек күні «**EQ: Сезімді түсіну – өзіңді танудың алғашқы қадамы**» атты воркшоп 8-сынып оқушыларымен ұйымдастырылды.



30 қыркүйек күні бастауыш сынып оқушыларының ішкі агрессиясы мен өзін-өзі кінәлау деңгейін төмендетуге арналған арттерапиялық жаттығулар жүргізілді.



8 қазан күні 5–7 сынып оқушыларымен «Эмоциялық тұрақсыздықты төмендету» сабағы өтілді.



10 қазан күні 8–9 сыныптарға арналған «Мен өмірді таңдаймын» арттерапиялық тренингі (өзіне қол жұмсау қаупін алдын алу) өтілді.





4-сыныптарға нейрпсихологиялық дамыту жаттығулары жүргізілді.

ЕББҚ оқушыларымен түзету-дамыту сабақтары (жеке бағдарлама бойынша).

**Қараша айында** «Бейімделу дағдысын дамыту және ішкі ресурс. Қарым-қатынас арқылы бейімделуді қолдау» мақсатында 5-сынып оқушыларымен тренинг сабақ өтілді. Оқушылардың эмоционалды реттеу, қарым-қатынас дағдысы, өзін-өзі қабылдау деңгейі дамыды, Топтық бірлік пен ынтымақ атмосферасы қалыптасты.



«ДосболLIKE» бағдарламасы аясында 9-сыныппен іс-шара өткізілді. Достық, сыни ойлау, желідегі қауіпсіздік, буллингтің алдын алу тақырыптары қамтылды.



Ерекше білімді қажет ететін оқушылармен түзету сабақтары өтілді. Когнитивті, эмоциялық және сөйлеу дағдыларын дамыту бағытында тұрақты жұмыс жүргізілді.

**Желтоқсан** айында оқушылар арасында агрессияның алдын алу, жауапкершілік пен әдептілік құндылықтарын қалыптастыруға бағытталған іс-шаралар өткізілді:

«Зорлық-зомбылыққа қарсы 16 белсенді күн» акциясы аясында 2025 жылдың 02 желтоқсан күні «Қауіпсіз орта – сенім мен сыйластық мектебі» тақырыбында 10-сынып оқушыларымен тренинг сабағы өтілді.

Тренинг барысында оқушылар арасында сенім атмосферасын қалыптастыру, жанжалдың алдын алу жолдары талқыланды.



2025 жылдың 11 желтоқсан күні «Агрессияны басқару және жағымды қарым-қатынас қалыптастыру» тренингі 7 сынып оқушыларымен өтілді. Оқушыларға эмоцияны реттеу, ашуды басқару, конструктивті қарым-қатынас дағдылары үйретілді.

#### **4. Профилактикалық және ақпараттандыру жұмыстары**

Қыркүйек айында «Психолог-Adviser» клубының жұмысы бойынша клуб мүшелері жинақталды, хабарландыру таратылды. Клуб ережесі мен жұмыс бағыттары таныстырылып, жаңа құрам бекітілді.

Қыркүйек айында психологқа тіркелген сыныптар мен оқушылар бойынша кабинеттік талдау жүргізілді.

Нәтижесінде:

- тәуекел тобына жататын оқушылар анықталып, жеке бақылау парақтары толтырылды;
- ЕББҚ оқушыларының жеке карталары жаңартылды.

2025 жылдың 9 қазан күні «Салауатты ой – салауатты өмір» атты репродуктивті денсаулық және психикалық саулық тақырыбында 7–9 сынып оқушыларымен ақпараттық кездесу өткізілді. Тәрбие одағымен бірлескен «Репродуктивті денсаулық дегеніміз не?» түсіндіру шарасы өтті.



16 қазан күні Кемелетке толмағандар арасындағы қауіпсіздік тақырыбында ата-аналарға арналған «Бала денсаулығы – ата-ананың күнделікті таңдауы» семинары өткізілді.



**Оқушыларға** мазасыздық, мотивация, отбасылық мәселелер, сыныпшілік кикілжіңдер, оқу қиындықтары бойынша жеке кеңестер берілді.

**Ата-аналарға** Баланың психологиялық дамуы, бейімделу кезеңіндегі қолдау, репродуктивті денсаулық, жауапкершілік тәрбиесі туралы кеңестер берілді.

**Педагогтарға** «Жасөспірім психикасының ерекшеліктері», тәуекел топтағы оқушылармен жұмыс, конфликт жағдайындағы педагог мінез-құлқы туралы кеңестер берілді.

25 қараша күні Республикалық «Зорлық-зомбылыққа қарсы 16 күн» акциясы басталды. Бұл күні ақпараттық материалдар таратылды, түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Сондай-ақ аптасына бір рет Сенім жәшігімен жұмыс жүргізілуде. Хаттар қаралып, барлық өтініш бойынша жеке консультациялар берілді.

«Баланың денсаулығы – біздің жауапкершілігімізде» ата-аналар жиналысы өтті. Репродуктивті денсаулық, қауіпсіз мінез-құлық, жасөспірімнің эмоционалдық күйі туралы ақпарат берілді.

**08.12.2025 ж «Әдептілік пен жауапкершілік – жігіттің айнасы»**

Ұлдар жиналысы (8–11 сынып)

Жауапты мінез-құлық, құқықтық сауаттылық және өзін-өзі құрметтеу мәселелері көтерілді.



**Оқушы қыздар арасында ерте жүктіліктің алдын алу бойынша қыздар жиналысы 19.12.2025 жылы** Медбике, әлеуметтік педагог және педагог-психологтың бірлесуімен өткізілді. Іс-шара соңында қыздарға өзін құрметтеу, жеке шекараны сақтау, қауіпсіз мінез-құлық ұстану және өмірде саналы шешім қабылдау бойынша қорытынды кеңестер берілді.

«Қауіпсіз балалық шақ» жобасы аясында бекітілген кесте бойынша ИДН қызметкерімен кездесулер ұйымдастырылды. Сондай-ақ облыс прокуроры Тілемисов Даулет Бекбашұлымен тікелей эфирде кездесу ұйымдастырылып, оған 8-11 сынып оқушылары түгел қатысты.



## **5. Психоконсультациялық бағыттағы жұмыстар**

Қыркүйек айында келесі бағыттарда кеңес беру жүргізілді:

- Оқушылар – 11
- Ата-аналар – 3
- Мұғалімдер – 4

Сұраныстардың басым бөлігі мына тақырыптарда қамтылды:

- мектепке бейімделу;
- өзара қарым-қатынас;
- эмоционалдық көңіл күйдің тұрақсыздығы;
- оқу мотивациясының төмендеуі.

Қазан айында жүргізілген кеңестер саны:

- Оқушылар – 9

- Ата-аналар – 3
- Мұғалімдер – 7

Кеңес тақырыптары:

- жалғыздық сезімі, қарым-қатынас қиындықтары;
- эмоциялық шаршау, қобалжу деңгейі;
- отбасылық түсініспеушіліктер;
- буллинг және құрдастар арасындағы кикілжіңдер;
- оқу мотивациясын қалыптастыру.

#### Әлеуметтік-психологиялық жұмыс

- Тәуекел тобындағы оқушылар бақылауға алынды, әлеуметтік желідегі күмәнді белсенділігі бар оқушылармен қосымша әңгімелер жүргізілді.
- Сенім жәшігіне түскен хаттар қаралып, хаттама жасалып, тиісті мамандарға бағытталды.
- «ДосболLIKE» бағдарламасы аясында достық, қарым-қатынас мәдениеті бойынша іс-шаралар өтті.

**Қараша айында Оқушыларға** мазасыздық, мотивация, отбасылық мәселелер, сыныпшілік кикілжіңдер, оқу қиындықтары бойынша **жеке кеңестер берілді. Ата-аналарға** Баланың психологиялық дамуы, бейімделу кезеңіндегі қолдау, репродуктивті денсаулық, жауапкершілік тәрбиесі туралы **кеңестер берілді.**

**Педагогтарға** «Жасөспірім психикасының ерекшеліктері», тәуекел топтағы оқушылармен жұмыс, конфликт жағдайындағы педагог мінез-құлқы туралы **кеңестер берілді.**

Желтоқсан айында сұраныс бойынша оқушыларға **жеке және топтық психологиялық кеңестер** берілді. **Тәуекел топтағы оқушылармен** жеке жұмыстар жүргізіліп, әр оқушы бойынша бақылау карталары толтырылды;

**Ата-аналарға кеңес беру (АПҚО)** арқылы бала тәрбиесіндегі қиындықтарды шешу жолдары ұсынылды. АПҚО аясында орта және жоғары буын ата-аналарымен кездесу ұйымдастырылып, семинар жоспарға сәйкес өтілді.





**ҰБТ және ББЖМ-ға психологиялық дайындық.** ҰБТ және ББЖМ тапсыратын оқушылармен психологиялық дайындық жұмыстары жүргізілді; Қобалжуды төмендету, өзіне сенімділікті арттыруға бағытталған жаттығулар қолданылды.

**Медиация және әкімшілікпен жұмыс.** «Жанжалды шешу жолдары» тақырыбында медиация қызметі аясында жұмыстар жүргізілді; Диагностика қорытындылары мектеп әкімшілігіне, пән мұғалімдеріне және сынып жетекшілеріне таныстырылды; Әлеуметтік-диспетчерлік күн аясында тәртібі қиын оқушылармен бірлескен жұмыстар атқарылды.

**Әдістемелік және ұйымдастырушылық жұмыс.** Жас мамандардың сабақтарына қатысып, психологиялық қолдау көрсетілді; **Сенім жәшігімен** тұрақты жұмыс жүргізілді;

Қорытындылай келе, I жарты жылдықта жоспарланған жұмыстар толық көлемде орындалды. Өткізілген диагностикалық, профилактикалық және түзету шаралары оқушылардың психологиялық ахуалын жақсартуға, қауіпсіз орта қалыптастыруға және тұлғалық дамуына оң әсерін тигізді.

## **6. Ұсыныстар**

- Тәуекел топтағы оқушылармен ай сайынғы динамикалық бақылауды жалғастыру;
- Арттерапия, релаксация, когнитивті ойындар санын көбейту;
- 5–11 сыныптарда конфликті алдын алу бойынша тренингтер өткізу;
- Сынып жетекшілерге профилактикалық тренинг-практикум ұйымдастыру;
- Әр оқушының жеке картаға тіркелген диагностикалық деректерін жүйелеу.

Педагог-психолог:

Г.Артықбаева

Н.Еркінбек